

Республикалық маңызы бар автомобиль жолының Тараз – Қайнар учаскесін ақылы негізде пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 10 қарашадағы № 581 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 қарашада № 25114 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) I-б санатты Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас Көкпек, Көктал, Қайнар арқылы (Қазақстан Республикасы шекарасына кіреберістермен және Тараз, Құлан, Қордай асуы айналма жолдарының) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының Тараз – Қайнар 238 км (бұдан әрі – км) – 475+525 км учаскесі ақылы негізде (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)) пайдаланылатыны;

2) жүріп өту мынадай баламалы жол арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: Тараз – Аса – Ақкөл – Саудақент облыстық маңызы бар автомобиль жолының Тараз – Ақкөл учаскесі, Ақкөл – Ойық – Ұланбел облыстық маңызы бар автомобиль жолы, Бірлік – Мойынқұм – Ұланбел – Шығанақ облыстық маңызы бар автомобиль жолының Ұланбел – Бірлік учаскесі, Мерке – Бурылбайтал автомобиль жолының Бірлік – Шу учаскесі, Шу – Қайнар республикалық маңызы бар автомобиль жолы;

3) ақылы жолдың (учаскенің) бастапқы пункті – 238+000 км, ақылы жолдың (учаскенің) соңғы пункті – 475+525 км;

4) ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

5) ақылы жолдың (учаскенің) техникалық сыныптамасы – I-б санаты, ақылы жолдың (учаскенің) негізгі параметрлері:

автомобиль жолымен жүріп өту белдеуінің ені – кемінде 3,75 метр;

автомобиль жолындағы қозғалыс белдеулерінің саны – екі бағытта 4 белдеу;

б) ақылы жолдың (учаскенің) ұзақтығы – 237 км 525 метр;

7) ақылы автомобиль жолы арқылы жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады;

8) басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

9) ақылы жолды (учаскені) ақылы негізде пайдалану мерзімі – 20 жыл деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының 2021 жылғы
10 қарашадағы № 581
Бұйрыққа
1-қосымша

Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі

Қиылысулар мен қосылулар мекенжайы км + метр	Көзделген қиылысу мен қосылу бойынша елді мекендердің атауы
Кордай ауданы	
237+175 км	Қайнар (Благовещенка) көлік айрайығы
Шу ауданы	
249+800 км	Баласағұн кенті
Меркі ауданы	
276 км	Жауғаш батыр кенті
307 км	Аспара кенті
311 км	Ақермен кенті
335+800 км	Шу көлік айрығы
347+500 км	Меркі көлік айрығы

351 км	Ақтоған кенті
351 км	Қазақ-дихан кенті
360 км	Жаңатұрмыс кенті
Тұрар Рысқұлов ауданы	
366 км	Қазақ кенті
367+523 км	Қазақ көлік айрығы
371 км	Тасшолақ кенті
373 км	Қара-Қыстақ кенті
376 км	Көк-Арық кенті
377 км	Еңбекші кенті
379+555 км	Луговой станциясы көлік айрығы
398+175 км	Көкдөнен көлік айрығы
408 км	Юбилейный кенті
410 км	Алғабас кенті
417 км	Малдыбай кенті
431 км	Өрнек кенті
435 км	Ақыртөбе кенті
443 км	Мақпал кенті
Байзақ ауданы	
461 км	Ақшолақ кенті
474 км	Жібек жолы кенті

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының
2021 жылғы 10 қарашадағы
№ 581 бұйрығына
2-қосымша

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем мөлшемелері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 15.09.2023 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

І-б санатты "Алматы – Ташкент – Термез" республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының "Тараз – Қайнар" 238 км – 475+525 км учаскесі:

Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК)

			16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі	Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15	Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде
Р/с№	Аймақтар						

		жеңіл автокөлікте р	(бұдан әрі - тн) дейін ж ү к автомобиль дері	5,5 тн дейін ж ү к автомобиль дері	10 тн дейін автопоездар	тн дейінгі ж ү к автомобиль дері	тіркелгіш және ершікті тартқыш тар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	475+525 км - 453+550 (21 км 975 метр)	0,0070	0,0383	0,0765	0,1148	0,1530	0,1913
2	453+550 км - 381+500 (72 км 50 метр)	0,0243	0,1252	0,2504	0,3757	0,5009	0,6261
3	381+500 км - 352+800 (28 км 700 метр)	0,0104	0,0487	0,1009	0,1496	0,1983	0,2504
4	352+800 км - 238+000 (114 км 800 метр)	0,0417	0,1983	0,4000	0,5983	0,8000	0,9983
5	Б і р бағыттағы барлық маршрут ү ш і н жиыны (237 км 525 метр)	0,0835	0,4104	0,8278	1,2383	1,6522	2,0661

1) абоненттік төлем - автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысы, ақылы учаскеге іргелес елді мекендерде тіркелген жергілікті автокөлік құралдары үшін белгілі бір уақыт кезеңіне абонемент түрінде бір ауданнан тыс жерде бір айға немесе бір жылға ауысқан кезде;

2) абоненттік төлем жергілікті көлік үшін көлік құралының түріне және жүк көтергіштігіне қарай белгіленеді. Абонементтердің мынадай түрлері көзделеді:

бір айға (күнтізбелік 30 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильде рі үшін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к автомобильде рі үшін	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
------------	-------------------------------	---	--	--	--	--

1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	қарастырылм аған	2 АЕК	4 АЕК	6 АЕК	8 АЕК	10 АЕК

бір жылға (күнтізбелік 365 күн):

Көлік түрі	Жеңіл автокөліктер үшін	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін жүк автомобильде рі үшін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін ж ү к автомобильде рі үшін	32 орын нан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі ж ү к автомобильде рі үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	2	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	1 АЕК	20 АЕК	40 АЕК	60 АЕК	80 АЕК	100 АЕК

3) аймақ – жүк көтергіштігі мен көлік құралының түріне байланысты өзінің ұзақтығы мен жол ақысының белгілі бір мөлшері бар ақылы учаскенің жол сегменті;

4) алдын-ала төлеу – ақылы учаскеге кіргенге дейін пайдаланушы дербес шотқа және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептеген ақшалай қаражат , оның сомасы жол ақысын төлеу үшін жеткілікті;

5) жергілікті автокөлік – бір аудан шегінен тыс қозғалу кезінде ақылы учаскесіне іргелес әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстың ауданы) белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралы.

Бұйрыққа 3-қосымша

Басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі

№ п/п	Елді мекеннің атауы
Меркі ауданы	
1	Жауғаш батыр кенті
2	Аспара кенті
3	Ақермен кенті
4	Ақтоған кенті
5	Қазақ-дихан кенті
6	Жаңатұрмыс кенті
Т.Рысқұлов ауданы	
7	Қазақ кенті
8	Тасшолақ кенті
9	Қара-Қыстақ кенті
10	Көк-Арық кенті

11	Еңбекші кенті
12	Юбилейный кенті
13	Алғабас кенті
14	Малдыбай кенті
15	Өрнек кенті
16	Ақыртөбе кенті
17	Мақпал кенті
Байзақ ауданы	
18	Ақшолақ кенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК